ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ №211 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №211 ИМЕНИ А.БАЙТУРСЫНОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«01» 09 2023 жыл № 106

**2023/2024 оқу жылына арналған**
**тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

«Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10 №598 Бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда , жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының негізінде
**Бұйырамын :**

1. Директордың ОТІ жөніндегі орынбасары А.Ботабаев, бас бухгалтер Г.Амиржанова 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1—11-ші сынып оқушыларына ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын .
   Әлеуметтік қорғалмаған санаттан шыққан оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етсін.
2. 01.09.2023 жылдан бастап 1-қосымшаға сәйкес, 165 оқушыға жаппай оқыту қорынан тегін тамақтандыру ұйымдастырылып, ІІ-қосымшаға сәйкес, жұмыс жоспары жасалынсын.
3. Жоғарыда аталған оқушыларды тамақтандыру мен бақылау үшін жауаптылық әлеуметтік педагог Ж.Дүйсенбайға жүктелсін.
4. Оқу жылының басында ата – аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.
5. 2023/2024 оқу жылы мектеп бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты етіп А.Ботабаев тағайындалсын.
6. Медициналық жұмыскер Л.Өткелбаева мен тамақтандыруға жауапты тұлға Ж.Дүйсенбай оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлесін, оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзір мен перспективалық мәзірі болсын, СанЕҚ талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдарын жүргізсін .
7. Директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары А.Мұқанбетова мен медициналық қызметкер Л.Өткелбаева ас блогындағы жабдықтың тізімін жасасын, санитариялық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтасын, қажет кезде емдәмдік үстелді ұйымдастырсын.
8. Бағдарламалық қамту маманы А.Досекеева мектеп сайтында «Мектепте тамақтандыру» айдарын ашсын және мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты,мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т.б. орналастыруды қамтамасыз етсін .
9. Әкімшілік пен педагогтардың асханадағы кезекшілік кестесін бекітсін.
10. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуы тиіс, ас блогы мен ас ішу залында санитариялық нормаларды қатаң сақтасын.
11. Осы бұйрықтардың орындалуын өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры** **А.Кушкинбаева**

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
_______А. Кушкинбаева

«01» 09. 2023жыл

## Әлеуметтік тұрмысы төмен оқушылардың тамақтану кестесі

| Сыныбы | Ауысым | Оқушы саны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| Азанғы ауысым бойынша 1-4 сыныптар аралығы | І ауысым | 101 | 8:45<br>1 сабақтан кейін |
| Азанғы ауысым бойынша 1-4 сыныптар аралығы | І ауысым | 101 | 9:35<br>2 сабақтан кейін |
| Азанғы ауысым бойынша 8-11 сыныптар аралығы | І ауысым | 35 | 10:25<br>3 сабақтан Кейін |

| Сыныбы | Ауысым | Оқушы саны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| Түскі ауысым бойынша 1-4 сыныптар аралығы | ІІ ауысым | 93 | 14:45<br>1 сабақтан кейін |
| Түскі ауысым бойынша 5-7 сыныптар аралығы | ІІ ауысым | 58 | 15:35<br>2сабақтан кейін |

**«Бекітемін»**
Мектеп директоры
_________ А.Кушкинбаева

**2023/2024 оқу жылының 01.09.-25.05.2024ж. уақыт аралығындағы А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектеп бойынша білім алушыларын ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша іс-шара жоспары**

| № | Іс-шаралар | Мерзімдер | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | 2023/2024 оқу жылында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының отырысы және жұмыс жоспарымен танысу | Қыркүйек | Комиссия төрағасы мен мүшелері |
| 2 | Азық түлікті пайдалану мерзімдерін анықтау | Қыркүйек | Комиссия мүшелері |
| 3 | Азық түлікті Салынуын бақылау | Аптасына 1 рет | Комиссия мүшелері |
| 4 | Қолданылатын ыдыс-аяқтың талаптарға сәйкестігін бақылау | Аптасына 1 рет | Комиссия мүшелері |
| 5 | Ас үлесінің мәзірге сәйкестігін тексеру бойынша бақылау | Аптасына 2 рет | Комиссия мүшелері |
| 6 | «2023/2024 оқу жылының І жарты жылдық үшін тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының жұмысын талдау» атты комиссия отырысы | Желтоқсан | Комиссия мүшелері |
| 7 | Көгөністерді , сусымалы өнімдерді сақтау қағидалары мен шарттарын сақтау | Қаңтар | Комиссия мүшелері |
| 8 | Ас блогы үй-жайларын тазалау кестесін сақтау . тазалау жабдығын таңбалау | Ақпан | Комиссия мүшелері |
| 9 | Тыйым салынған өнімдерді айналымда және тағам дайындауда қолдануды бақылау | Наурыз | Комиссия мүшелері |
| 10 | Ас блогын кешенді тексеру | Сәуір | Комиссия мүшелері |
| 11 | «2023/2024 оқу жылының ІІ жарты жылдық үшін тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының жұмысын талдау» | Мамыр | Комиссия мүшелері |

**А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебі мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

Мектеп асханасына тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардан тамақтандыру мен тамақтандыруды ұйымдастыру жұмыстарының сапасы жөнінде алынған сауалнаманың нәтижесі туралы

10.04.2024 ж.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ақпайн айының 10 сәуір мен сәуір аралығында тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнаманы алудағы басты мақсат оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын сапалы ұйымдастыру, мектеп асханасына және берілетін тегін ыстық тамаққа оқушылардың көзқарастарын білу, асхана жұмысының кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтау. Сауалнама қағаз түрінде өткізілді. Сауалнамаға 5-11 сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылары қатысты, қағаз түрінде алынған сауалнамаға қатысуқандар саны – 35 оқушы, Жалпы саны – 35 оқушы.

Нәтижесінде(сұрақтар бойынша):

**1.Мектеп асханасының эстетикалық жабдықталуы көңіліңнен шығады ма?**

1.Мектеп асханасының эстетикалық жабдықталуы көңіліңнен шығады ма?

Иә – 35 оқушы,

жоқ –0

Қорытынды: асханасының эстетикалық жабдықталуы – өте жақсы.

**2.Мектеп асханасында тегін берілетін ыстық тамақтың сапасына қандай баға берер едің?**

Өте жақсы – 25 оқушы.

Жақсы – 13 оқушы.

Орташа – 2 оқушы.

Қанағаттанарлық – 0 оқушы.

Модасы – жақсы.

Қорытынды: Мектеп асханасында тегін берілетін ыстық тамақтың сапасы – жақсы.

**3.Мектеп асханасындағы тағам сапасын 1-10 арасындағы шкала бойынша бағалаңыз.**

Модасы – 10 балл

арифметикалық ортасы – 7,4 балл.

Қорытындысы – жақсы.

**4.Асхана қызметкерлері сенімен сыпайы сөйлеседі ме?**

Иә – 30 оқушы

Жоқ – 5 оқушы.

Қорытындысы – асхана қызметкерлерінің оқушылармен қарым-қатынасы жақсы. Дегенмен, 5 оқушының жоқ деуі не себепті екені анықталып, асхана қызметкерлерімен түсіндерме жұмыстары жүргізілді.

**5.Асханада тегін ыстық тамақ көрсетілген уақытта кесте бойынша (уақытылы) дайын болады ма?**

Иә – 30 оқушы.

Жоқ – 5 оқушы.

Қорытынды асханада тегін ыстық тамақ уақытылы беріледі.

**6. Мектеп асханасының жұмысын жақсарту үшін өз ұсынысыңды жаз.** Келіп түскен ұсыныстар(ұсыныстар қателігі мен мазмұнына респондент жауап береді:):

Ыстық тамақта каша, ботқа деген тамақ алынсын. Ыстық тамақ балаларға ұнайтындай болсын. Менің айтқанымды істесеңіздер асхана өте күшті асханалардын бірі болады. Менің өзімнің қалауым осы. Сіздерге рахмет!».

«Сусын түрлерін берсе. Алма жиі берсе».

«Тамақтың дәмді жасалуына көңіл бөлу керек .Балаларға сыпайы болу қажет. Ең бірінші асхананың тазалығы».

«Нан көп болсын, бір балаға 1-2 нан жетпейді, Мысалы,булычкаларғаначинкасын аз салады. Бұрында молынан, тойымды болған».

«Компоты табиғы болса котлет қосса самса сосиска қосса пюре қосса банан қосса пироктар болса манты қосса және нан көбірек берілсе».

«Менің ұсынысым тамактан турлері әр түрлі бірақ нанды көбірек берсе деп ойлаймын».

Қағаз түрінде алынған 35 баланың сауалнамасының қорытындысы осыған жанасады.

Қағаз түрінде алынған сауалнама нәтижесінде асханада оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту барысында төмендегідей ұсыныстарды ескеру қажет:

Ас мәзіріне сүт өнімдері, жеміс-жидек пен көкөніс салаттарын қосу;

Тағамға қосылатын өнімдердің мөлшерін ұлғайту және тағам сапасын бақылау бойынша жұмыстарды күшейту;

Асханадағы сусын түрлерін молайту және асхана қызметкерлірінің оқушылармен қарым-қатынасы туралы түсіндерме жұмыстарын ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагог Ж.Дүйсенбай

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ №211 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №211 ИМЕНИ А.БАЙТУРСЫНОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«01» 09 2023 жыл № 110/2

**Мектеп асханасында**
**жекелеген тамақ өнімдерін**
**сатуғы тыйым салу туралы**

Мемлекеттік санитарлық бас дәрігердің 2007 жылғы 30 наурыздағы «Мектепке дейінгі және жалпы білім беретін ұйымдарында жекелеген тамақ өнімдерін сатуға тыйым салу туралы» №12 қаулысын және Қызылорда облыстық білім басқармасының 2008 жылғы 28 шілдедегі №344 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп асханасында санитарлық-гигиеналық талаптарына қатаң бақылау жүргізу мақсатында төмендегі құрамда жұмыс тобы құрылсын:

1.А.Ботабаев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі

2.Ж.Зиндабатқызы – медбике

3.Ж.Дүйсенбай – әлеуметтік педагог

4.Б.Садирбаева – аспазшы

5.Қ.Сыржанова – асхананы жалға алушыға міндеттелсін

2. Мектеп асханасында коммерциялық газдалған сусындарды, тез дайындалатын тағамдарды (гамбургер, хот-дог, чипсы, кириешки, сағыздар және т.б.) сатуға тыйым салынсын.

3. Мектеп оқушыларының тамақтан уланудың алдын-алу, болдырмау мақсатында насихаттау, үгіт жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге және әлеуметтік педагог Ж.Дүйсенбайға жүктелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ботабаевқа және әлеуметтік педагог Ж.Дүйсенбайға міндеттелсін.

**Мектеп директоры А.Кушкинбаева**

# Анықтама

**1. Ыстық тамақ бойынша ас мәзірі.**

Ыстық тамақ бойынша тамақтың салмағы.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы. Негізінде білім бөлімінің бекіткен ас мәзірі негізінде 2023 – 2024 оқу жылының 3 – тоқсанында 2-аптаның ас мәзірі ұсынылды.

**2.Кезекшілік**

Асханада білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануынтиімді ұйымдастыру үшін,сыныптардың тамақ ішетін уақыты мектеп директорымен бекітілді.

**3. Бракераж журналының жүргізілуі, мед/диет бикелердің жұмысы**

Мектеп медбикесі Зиндабатқызы Жұлдызайасхана жұмысын бақылау мақсатында келесі журналдарды уақытылы жүргізіп отыр.
"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде, асханадағы санитарлық талаптардың болуы, ай сайын мониторингтік топтың бақылауында.
Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына сәйкес ыстық тамақ ішетін тұрмысы төмен отбасы балаларының құжаттарын қабылдау комиссиясы құрылып, өтініштерін тіркеу журналы арналды.
Ыстық тамақ ішетін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құжаттары қабылдау egov және қағаз жүзінде 169 оқушылының құжаты қабылданды, бастауыш сынып оқушылары 217 оқушы толығымен ыстық тамақпен қамтылған.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жалпыға міндетті оқу қоры есебінен оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуының іс-шара жоспарын бекітілді.

Мектеп асханасын «Ас мәзірі» бұрышымен, «Астарыңыз дәмді болсын!» қанатты сөздермен безендірілді.

Тамақтану кестесін бекітілді.

Мектеп әкімшілігінің кезекшілік кестесін бекітілді.

Бекітілген ас мәзірі бойынша тамақтың берілуін және санитарлық гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау мақсатында асхана жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мониторингтік топ құрылды. Ай сайын асхананың (ас блогының) қызметіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды жасау жұмыстарының жоспары, «Дәрумендердің денсаулыққа пайдасы», «Ұлттық тағамдардың ерекшеліктері», «Жеміс-жидектердің пайдасы» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізу жоспары,

балалардың дұрыс тамақтануын насихаттау және тамақтану мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жоспарлары жасалып бекітіледі.

**4. Жалға алушы арендатор**

ҚымбатСыржанова

«Ип Сыржанова»

**Әлеуметтік педагог** **Ж.Дүйсенбай**

# А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебінің асхана туралы мәліметі

2023-2024 оқу жылы

# Асхана мониторинг

- А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебінде III тоқсанында  2024 жылдың 17 қаңтар күні тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның асхана, ас блогының санитарлық-гигиналық, жалпы жағдайын бақылау мақсатында тексеру жүргізілді. Комиссия мүшелеріне міндеттелген тамақ өнімдерінің сапасын , отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуын, дайындалған тамақтардың сапасын, перспиктивалық ас мәзіріне сәйкестігін тексеріп жоспар бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді.
- Сонымен қатар ұсынылған тағамдардың салмағын өлшеу мен дәміне сынама жасау арқылы олардың талапқа сай екендігі тексерілді. Қойма бөлмесінде көкеністер: картоп, сәбіз, пияз орналасу тәртібі дұрыс жолға қойылып, арнайы жәшіктерге орналастырылған, бөгде заттар анықталмады. Ұн, жарма өнімдері арнайы эмальді ыдыстарға салынып, қақпағы жабылған. Асханада шикі және даяр азық-түліктердің жарамдылық мезімдері толық тексерілді. Тексеру барысында ас блогының қызметшілерінің киімінің, қолының тазалығына баса назар аударылды. Мектеп медбикесінің  Ж.Зиндабатқызы жүргізетін журналдары, асхана қызметкерлерін қадағалау журналы уақытылы толтырылған.





# Астың салмағын өлшеу барысы





# 1 күндік ас мәзірі



# Тоңазытқыш





# Қойма





# Ас сапасын және асхана қызметкерлерін қадағалау журналын тексеру





# Бір апталық ас мәзірі
# (22.01.-26.01.2024)









